

«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының
тұрақты даму саясаты
(14.09.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Нұр-Сұлтан қаласы
2021 жыл

Мазмұны:

- [1-тарау. Жалпы ережелер](#)
- [1. Қолдану аясы](#)
- [2. Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері](#)
- [3. Тұрақты даму қағидаттары](#)
- [4. Мүдделі тараптармен \(стейкхолдерлермен\) өзара іс-қимыл](#)
- [2-тарау. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары](#)
- [5. Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдастары](#)
- [5.1. Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу](#)
- [5.2. Өзінің экологиялық әсерін басқару](#)
- [5.3. Жауапты еңбек тәжірибесі](#)
- [5.4. Жауапты іскерлік тәжірибе](#)
- [3-тарау. Саясатты іске асыру тетіктері](#)
- [6. Жауапкершілікті бөлу](#)
- [7. Тұрақты даму қағидаттарын негізгі процестерге интеграциялау](#)
- [7.1. Шешім қабылдау процестері](#)
- [7.2. Даму стратегиясы және жоспарлау](#)
- [7.3. Корпоративтік басқару](#)
- [7.4. Операциялық қызмет](#)
- [7.5. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау](#)
- [7.6. Қаржылық қолдау](#)
- [8. Тұрақты даму шеңберіндегі жобалардың әсерін бағалау процесі](#)
- [9. Алынып тасталды](#)
- [10. Мониторинг](#)
- [11. Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу](#)
- [4-тарау. Қорытынды ережелер](#)
- [№ 1 қосымша. «А», «В», «С» және «ҚД» санаттарындағы жобалардың үлгі тізбесі](#)
- [№ 1-1 қосымша. ESG дью-дилидженс](#)
- [№ 2 қосымша. ESG рейтингтерін беру әдістемесі](#)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қолдану аясы

1. Осы «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының тұрақты даму саясаты (бұдан әрі - саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) [жарғысына](#), Қоғамның корпоративтік басқару [кодексіне](#), «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясатына және Қоғамның қызметін реттейтін өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Жаһандық шартының, БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарының, АА 1000 стандарттарының сериясын, [ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандартының](#), Жаһандық есептілік бастамасының тұрақты даму

саласындағы есептілік стандарттарының (GRI стандарты) талаптарын ескере отырып әзірленді.

2. Саясаттың мақсаты тұрақты даму қағидаттарын дәйекті және үздіксіз ұстануға, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін әзірлеуге, Қоғамның тұрақты даму саласындағы стандарттарға бейілділігін растауға, сондай-ақ мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Қоғамның негізгі көрсеткіштерін жақсартудың ұзақ мерзімді тұрақты трендін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін енгізу болып табылады. Саясат Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының тұрақты даму саласындағы қызметін жетілдіру үшін негіз қалаушы құжат болып табылады.

3. Саясаттың міндеттері:

1) Қоғам қызметінің тұрақты даму саласындағы, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді және ашық жүйесін құру бөлігінде қағидаттары мен бағыттарын айқындау;

2) тұрақты даму қағидаттарын іске асыру үшін Қоғамның әрбір органының және барлық қызметкерлерінің құзыреттерін, жауапкершілігін бекіту;

3) Қоғамның тұрақты дамуы мен негізгі процестерінің өзара байланысын анықтау.

4. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Қоғам өзінің миссиясына, Қоғамның даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын пайдаланады.

5. Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

6. Инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру кезінде Қоғам клиенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік әсерге қатысты талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелерді орындауын бағалайды.

7. Саясаттың ережелерін Қоғамның барлық қызметкерлері мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қозғайтын бөлігінде, өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпарат тарату және коммуникацияның басқа да түрлері кезінде сақтауы тиіс.

8. Қоғамның еншілес ұйымдары өз қызметіндегі саясат ережелерін басшылыққа алады.

9-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

9. Саясатта келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) БҰҰ-ның Жаһандық шарты (UN Global Compact, UNGC) - тұрақты даму саласындағы ең ірі халықаралық бастама, оның мақсаты іскер қоғамдастықтың қызметіне адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты енгізу болып табылады;

2) Еншілес ұйымдар (ЕҰ) - шешімдерін Қоғам осындай заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамының болуы не олардың арасында жасалған шарттың негізінде не өзге де тәсілмен айқындайтын заңды тұлғалар;

2-1) Кемсітушілік - әр түрлі әлеуметтік топтар туралы таптаурын түсініктерге негізделген және олардың өкілдерін құқықтар мен бостандықтарда шектейтін әр түрлі адамдарға тең емес қатынас;

3) Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) - қызметі жеке және кәсіпкерлік қызметті дамытуға бағытталған халықаралық қаржы институты;

4) Мүдделі тарап (стейкхолдер) - Қоғамға және оның қызметіне әсер ететін және (немесе) Қоғам тарапынан өзіне ықпалын сезінетін жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар топтары (мысалы, қызметкерлер, клиенттер, контрагенттер және т.б.);

5) «Жасыл» жобалар - мақсаты қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту, ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінделерін азайту, парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия үнемдеу және табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, экономиканы климаттың өзгеруіне бейімдеу болып табылатын жобалар (егер жоба Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген «жасыл» жобаларды жіктеу/таксономия және/немесе үздік әлемдік практика өлшемшарттарына сәйкес келсе, «жасыл» болып саналады);

5-1) «Жасыл» таксономия - қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін арттыруға, энергия үнемдеуге, климаттың өзгеру салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған экономикалық қызмет түрлерін, жобалар мен активтер санаттарын (сандық және сапалық шекті мәндерді қоса алғанда) жіктеудің бірыңғай жүйесі;

6) Даму индексі - Қоғамның даму стратегиясына, мемлекеттік даму бағдарламаларына және Қоғамның инвестициялық қызметінің мақсаттарына сәйкес қаржылық қолдау көрсету туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның қабылданған инвестициялық саясатына сәйкес есептелетін әлеуетті жобаларға басымдық беру құралы;

6-1) Инклюзивтілік - әрбір қызметкер Қоғамға табысқа жетуге көмектесетін, барлық қызметкерлерді олардың дағдылары, тәжірибесі мен көзқарастары үшін бағалайтын және құрметтейтін жұмыс ортасын құру қағидаты;

7) Мүдделі тұлғалардың картасы (стейкхолдерлер картасы) - стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеу стратегиясын әзірлеу мақсатында қоғамның қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуалдауға мүмкіндік беретін құрал;

8) Клиент - жобаны қаржыландыруға өтініммен жүгінген, оған қатысты қаржылық қолдауды қарау және ұсыну жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін заңды тұлға;

9) Бәсекелестер - мүдделері мен мақсаттары қызмет салаларына, қоғамның мүдделері мен мақсаттарына ұқсас қызмет саласы бар жеке немесе заңды тұлғалар;

10) Контрагенттер - шарт бойынша өзіне белгілі бір міндеттемелерді қабылдаған жеке немесе заңды тұлғалар (мысалы, өнім берушілер, әріптестер);

11) «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы - қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға бағытталған техникалық және ынталандырушы-білім беру іс-шараларын қамтитын кешенді тәсіл;

12) Тікелей инвестициялардың кэптивтік қоры (ТИК) - Қоғам акцияларға (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама иелік ететін ТИҚ және (немесе) Қоғам акцияларға (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғаның басқаруындағы ТИҚ;

13) [ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандарты](#) - әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен проблемаларды және әлеуметтік-жауапты мінез-құлықты ұйымның стратегияларына, жүйелеріне, практикалары мен процестеріне интеграциялау тәсілдерін айқындайтын стандарт;

14) Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) - қызметі дамушы елдердің жеке секторына ғана шоғырланған Дүниежүзілік банк тобына кіретін халықаралық қаржы институты;

14-1) Әртүрлілік – әр түрлі мәдениеттерді, ұрпақтарды, гендерлік және этникалық топтарды, ұлттарды, қабілеттерді, әлеуметтік текті және кез келген басқа да бірегей айырмашылықтарды білдіретін қызметкерлер;

15) Жалғыз акционер, Холдинг - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;

16) атқарушы орган - Басқарма төрағасы мен мүшелерінен тұратын алқалы орган;

17) басқару органы - Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұратын Қоғамның Директорлар кеңесі;

18) Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) - көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлерді тиісті зерттеулер негізінде анықтау, зерделеу, сипаттау және бағалау процесі. Белгіленген қызмет деп өндірістік және өзге де объектілерді салуға және одан әрі пайдалануға, қоршаған ортаға өзге де араласуға, сондай-ақ осындай қызметке елеулі өзгерістер енгізуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың көзделген қызметі түсініледі;

19) Портфельдік компания - жобаның бастамашысы және тікелей инвестициялардың кәпитивтік қорлары жүзеге асыратын жобаға инвестициялардың түпкілікті алушысы болып табылатын заңды тұлға;

20) Environmental, Social and Governance (ESG) қағидаттары - халықаралық қоғамдастық мойындаған стандарттарға, оның ішінде БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына, Есептілік жөніндегі жаһандық бастамаға (Global Reporting Initiative) (GRI), ҚХК стандарттарына және Жауапты инвестициялау қағидаттары (UN PRI principles) мен Экватор қағидаттарына негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыттылық және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені;

21) БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттары (UN Principles for Responsible Investment, UN PRI) - инвестициялық қызметтің барлық кезеңдеріндегі экологиялық және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ адал корпоративтік басқару факторларын (ESG факторлары) есепке алуға негізделген қағидаттар кешені;

22) Сақтық қағидаты - қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауының алдын алу жөнінде тиімді шаралар, экологиялық апаттардың алдын алу жөнінде алдын алу іс-қимылдарын қабылдау;

23) «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред. қар.*)

24) Жоба - инвестицияларды тікелей инвестициялардың кәпитивтік қорлары қарайтын, жүзеге асыратын не жүзеге асырылған жоба;

25) AA 1000 стандарттар сериясы - Account Ability институты (Әлеуметтік және этикалық есептілік институты) әзірлеген қаржылық емес есептілікті басқару және оның сапасын қамтамасыз ету құралдары мен стандарттарының жиынтығы. AA 1000 стандарттар сериясына мыналар кіреді:

- AA1000APS есеп беру қағидаттарының стандарты (AA1000 Account Ability Principles Standard);

- AA1000AS есептерін тексеру стандарты (The AA1000 Assurance Standard);

- AA1000SES мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты (The AA1000 Stakeholder Engagement Standard);

26) Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары (Global Reporting Initiative (GRI) стандарттары) - барлық ұйымдарға қолданылатын және есептілікті дайындауға қойылатын қағидаттар мен талаптарды, ашудың жалпы элементтері мен менеджмент тәсілі туралы мәліметтерді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды ашу жөніндегі стандарттар сериясын қамтитын 33 тақырыптық стандартты қамтитын стандарттар жиынтығы;

27) [Стратегия-2050](#) - Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, оның басты мақсаты күшті мемлекет, дамыған экономика және жалпыға бірдей еңбек мүмкіндіктері негізінде өркендеу қоғамын құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруі болып табылады;

28) Қоғамның уәкілетті органы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамның тиісті ішкі құжаттарында айқындалған жауапкершілік аймағында басқарушылық шешімдер қабылдауға уәкілетті орган;

29) Орнықты даму - бұл Қоғам мен оның еншілес ұйымдары өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың

қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс;

30) Қаржы делдалдары (ҚД) - екінші деңгейдегі банктер, даму банктері, микроқаржы ұйымдары, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер және өзге де заңды тұлғалар;

31) Тікелей инвестициялар қоры (ТИҚ) - Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес заңды тұлға нысанында немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың өзге де нысанында құрылған, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына және (немесе) заңды тұлға құрмай ұйымдық-кәсіпкерлік қызметтің өзге де нысандарына тікелей немесе жанама қатысу, қаржы құралдарын сатып алу, қарыздар беру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен оларды одан әрі инвестициялау мақсатында ғана ақша мен өзге де мүлікті тартатын және жинақтайтын ұйым;

32) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Тұрақты даму мақсаттары – 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласында күн тәртібі шеңберінде қабылданған және кедейлікті жоюға, планета ресурстарын сақтауға және барлығының әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған 17 мақсат пен 169 міндет;

33) Қоғамның және оның ЕҰ-ның экологиялық және әлеуметтік талаптары - клиентке жобаны дайындау және іске асыру кезінде клиент сақтауға тиіс жобаларға байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді анықтауға және бағалауға қатысты қойылатын талаптар;

34) Экологиялық және әлеуметтік әсер - жобаның қоршаған ортаға және қоғамға әсері.

2. Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері

10. Қоғамның тұрақты дамуы - Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаттары мен міндеттемелердің жиынтығы, атап айтқанда:

- 1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару;
- 2) ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерін бағалау және басқару.

11. Қоғам ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының дәйектілігін қамтамасыз етеді.

12-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

12. Қоғамның тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:

- 1) Қоғам қызметінің зиянсыздығы;
- 2) акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) процестердің тиімділігін арттыру;
- 4) шикізаттық емес салаларды дамытуға инвестициялардың өсуі;
- 5) еңбек өнімділігін арттыру;
- 6) жаңа жұмыс орындарын құру.

13-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

13. Қоғамның тұрақты дамуының экологиялық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:

- 1) қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту;
- 2) шектеулі табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 3) экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану;
- 4) әлеуетті теріс экологиялық және әлеуметтік әсерді төмендету және Қоғам қызметінен және оған дейінгі әлеуетті оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;
- 5) клиенттерді экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін тиісті деңгейде әзірлеуге және қолдауға ынталандыру;

б) жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобаның қоршаған ортаға әсері саласында, сондай-ақ әлеуметтік ықпал ету саласында жұртшылықтың мүдделерін есепке алу.

Саясат «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес 13-1-тармақпен толықтырылды.

13-1. Қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:

- 1) балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермеуді қоса алғанда, адам құқықтарының бұзылуына жол бермеу;
- 2) ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді қоса алғанда, кемсітушілікке жол бермеу және әртүрлілікке ықпал ету;
- 3) қызметкерлердің әділ сыйақысын қамтамасыз етуді қоса алғанда, қызметкерлердің негізгі құқықтарын сақтау;
- 4) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- 5) қызметкерлерді үздіксіз кәсіби дамыту және оқыту;
- 6) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

14-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

14. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам және оның ЕҰ:

- 1) оларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобалардың әлеуметтік экологиялық және әлеуметтік әсерін ескереді;
- 2) жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерінің ауқымы мен сипатын ескере отырып, жобалардың осындай әсерін басқару жөніндегі клиенттерге қойылатын талаптарды айқындайды және оларды іске асыру барысында осы талаптардың орындалуына мониторинг жүргізеді;
- 3) жұртшылықтың пікірін есепке алу жөніндегі талаптарды орындауды қоса алғанда, экологиялық және әлеуметтік ықпал ету саласындағы жобалардың ҚОӘБ бойынша ұсынымдардың сақталуын және талаптардың орындалуын бағалайды;
- 4) саясатта көзделген талаптарды іске асыру кезінде ашықтық пен жариялылығын қамтамасыз етеді.

15. Қоғам және оның ЕҰ инвестициялық қызмет барысында экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алуға бағытталған ESG қағидаттарын ұстанады:

- 1) инвестициялық қызметтің ашықтығы - Қоғамның және оның ЕҰ қызметі инвестициялық процестің жариялылығы мен ашықтығы негізінде жүзеге асырылады; бұл ретте Қоғам клиенттердің экологиялық, әлеуметтік проблемалар және басқару мәселелері туралы ақпаратты тиісінше ашуын талап ете алады;
- 2) Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік - іске асыру нәтижесінде жобаны іске асыру өңірінде халықтың өмір сүру ортасы, әлеуметтік еңбек жағдайлары және өмір сүру деңгейі айтарлықтай нашарламайтын жобаларды қаржыландыру; инвестициялар, егер бұл іске асырылатын жоба шеңберінде қолданылса, жобаны іске асыру өңіріндегі халықтың өмір сүру деңгейін, жұмыспен қамту деңгейін және (немесе) әлеуметтік еңбек жағдайларын арттыруды қамтамасыз етуге арналған.

16. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. қар.)

17-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

17. Қоғамның тұрақты даму саласындағы міндеттері:

- 1) тұрақты даму қағидаттарын Қоғам қызметіне интеграциялау;
- 2) тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бөлінісінде қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;
- 3) жүйелі жұмысты ұйымдастыру есебінен тұрақты дамуды басқару сапасын арттыру;
- 4) тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы тұрақты хабардар етуді қоса алғанда, Қоғамның мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылының тетіктерін құру;

5) жоғарыда аталған міндеттерді Қоғам, ЕҰ және портфельдік компаниялар деңгейінде іске асыруға ұмтылу.

3. Тұрақты даму қағидаттары

18. Қоғам өз қызметі шеңберінде Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің [92-тармағында](#) бекітілген тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, жариялылық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

19. Саясат сонымен қатар Қоғамның және оның ЕҰ инвестициялық қызметіндегі экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу және бақылау қағидаттары мен тәсілдерін анықтайды.

20-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

20. Қоғам өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының (UNGC) қағидаттарына және БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттарына (UN PRI) бейілдігін мәлімдейді:

1) адам құқықтарын қорғау саласында:

- Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;

- Қоғам адам құқықтарының бұзылуына жол бермеуді қамтамасыз етеді;

2) еңбек қатынастары саласында:

- Қоғам бірлестік бостандығын қолдайды және ұжымдық шарттар жасасу құқығын таниды;

- Қоғам мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға жәрдемдеседі;

3) қоршаған ортаны қорғау саласында:

- Қоғам сақтық қағидаты негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;

- Қоғам қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдайды;

- Қоғам экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында Қоғам қорқытып алушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қайшы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді;

5) жауапты инвестициялау саласында Қоғам:

- ESG мәселелерін инвестициялық талдау және шешім қабылдау процестеріне қосуға;

- белсенді инвестор болу және ESG мәселелерін инвестициялау саясаты мен тәжірибесіне енгізуге;

- портфельдік компаниялар мен жеке капитал қорларын ESG мәселелері бойынша тиісті ақпаратты ашуға ынталандыруға;

- тікелей инвестициялар секторында UN PRI қағидаттарын қабылдауға және енгізуге жәрдемдесуге;

- UN PRI қағидаттарын тиімді іске асыру үшін басқа UN PRI қол қоюшыларымен ынтымақтасуға;

- Қоғамның қызметі және қағидаттарды іске асырудағы ілгерілеу туралы есептілікті ұсынуға ұмтылады.

4. Мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара іс-қимыл

21-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

21. Қоғамда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді саясатын іске асыруға тиісті көңіл бөлінеді.

22-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

22. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қоғам мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында мүдделі тараптарды айқындау мен олармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарына сәйкес Қоғам стейкхолдерлерінің картасы әзірленді.

23. Қоғам әсер ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын анықтайды: өкілеттік пен жауапкершілік саласы, тікелей әсер ету саласы, жанама әсер ету саласы.

24. Өкілеттік/жауапкершілік саласы:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) Басқару органы;
- 3) Атқарушы орган;
- 4) Қызметкерлер.

25. Тікелей өзара іс-қимыл саласы:

- 1) Мемлекеттік органдар;
- 2) ЕҰ;
- 3) Портфельдік компаниялар;
- 4) Қаржы институттары;
- 5) Серіктестер/инвесторлар;
- 6) Клиенттер;
- 7) Өнім берушілер.

26. Жанама әсер ету саласы:

- 1) Жұртшылық;
- 2) Бұқаралық ақпарат құралдары;
- 3) Сарапшылар мен талдаушылар;
- 4) Бәсекелестер.

27. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Қоғам мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралайды: стейкхолдердің қолдау немесе қарсы әрекет дәрежесі, оның Қоғамға әсер ету күшін бағалау.

28. Алынған мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау негізінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне қарай мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бағыттарын айқындайды.

29-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

29. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, хат алмасу, сұрау салу бойынша ақпарат беру, қызмет туралы есептілік (жылдық есепті қоса алғанда), презентациялар, брошюралар, кездесулер, кеңестер, келіссөздер, көрмелер, форумдар мен конференциялар, жарияланымдар, баспасөз парақтары, сұхбаттар, тренингтер мен семинарлар, сұраулар мен сауалнамалар болып табылады.

30. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.

31. Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Қоғамның қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді,

ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды көздейтін тарту қағидаттарына негізделген.

32. Өз кезегінде, қатысу келесі үш қағиданы сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) ұйым мен оның мүдделі тараптары үшін проблеманың өзектілігі мен маңыздылығын анықтайтын маңыздылық. Маңызды проблема - ұйымның немесе оның мүдделі тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне және нәтижелілігіне әсер ететін проблема;

2) толықтық. Өз қызметі барысында Қоғам мүдделі тараптардың алаңдаушылығына назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді;

3) ден қою. Ден қою - бұл ұйымның тұрақты даму саласындағы нәтижелілігіне әсер ететін және ұйымның шешімдері мен әрекеттері арқылы, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі шеңберінде іске асырылатын мүдделі тараптардың проблемаларына жауап ретінде қабылдайтын шараларды жүзеге асыру.

33. Мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқаруды ұйымдастыру мақсатында Қоғам өз қызметінде келесі негізгі қағидаттарға шоғырланады:

1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;

2) мақсатты аудиторияны өз қызметі туралы белсенді түрде хабардар етуге тырысады;

3) мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;

6) тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

34. Жалғыз акционермен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде:

1) Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның [жарғысы](#) мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат береді;

2) Қоғам негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) ақпаратты ашу және (немесе) құпиялылық туралы шарттар және (немесе) келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары туралы, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулері туралы қосымша мәліметтер береді.

35. ЕҰ-мен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам ЕҰ-ның мақсатқа уақтылы қол жеткізуіне ықпал етеді;

2) Қоғам ЕҰ мүдделерін ескереді және корпоративтік басқару қағидаттарына және Қоғамның бекітілген ішкі нормативтік құжаттарына негізделген өзара іс-қимылдың барабар және жедел процесін қамтамасыз етеді;

3) Қоғам олардың тиімділігі мен залалсыздығын, нарықтық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ЕҰ-ға әдіснамалық қолдау көрсетеді;

4) қоғам барлық ЕҰ-ның жұмысына бірыңғай стандарттар мен талаптарды қолдану арқылы ЕҰ-мен тиімді өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) Қоғам өзінің басқарушылық функцияларын іске асыру кезінде өзара көмек пен ынтымақтастық ахуалын қолдайды, сондай-ақ өзінің басқарушылық, ғылыми, технологиялық және беделді әлеуетін дамытады;

6) Қоғамның мамандары ЕҰ құжаттары мен жұмыс нәтижелеріне сапалы сараптаманы жүзеге асырады.

6-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

36. Инвесторлармен және контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам қаржылық жай-күйі мен кредиттік тарихы туралы, сондай-ақ Қоғамның даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашады;

2) Қоғамның қаржы және басқарушылық есептілігі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және уақтылы ұсынылады, бұл ретте қаржылық есептілікті тәуелсіз аудиторлар тексеруден өткізеді;

3) Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық әрі қолжетімді;

4) Қоғам инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдау тәсілдерінің проактивті коммуникациясын жүзеге асырады;

5) Қоғам іскер әріптестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;

6) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық ашықтықты, жариялылықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушіліктің және бәсекелестікке негізсіз шектеулердің болмауын қамтамасыз етеді;

7) Қоғам жетекші әлемдік практикаға сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды. Үш жылда бір рет Қоғам ұйымның ілгерілеуі туралы тәуелсіз пікір алу және корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар алу мақсатында корпоративтік басқарудың тәуелсіз аудитін жүргізеді.

37-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

37. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам ашық, жария, білікті және дәлелді персоналды қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын қамтамасыз етеді;

2) Қоғам еңбек қызметі барысында олардың кәсіби әлеуетін іске асыру, олардың қызметін бейтарап және әділ бағалау мақсатында кемсітушілікке жол бермеуді, барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктер мен инклюзивтілікті қамтамасыз етеді;

3) Қоғамдағы қызметкерлерді іріктеу және олардың мансаптық өсуі тек қана кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде жүзеге асырылады;

4) қызметкерлердің тиімді коммуникациясы мен өзара іс-қимылы қызметкерлерді және коммуникация арналарын тұрақты хабардар етудің ішкі корпоративтік көздерін ұйымдастыру, оның ішінде ішкі порталдың жұмысы, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы зерделеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

38-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

38. Жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, жұртшылықпен өзара іс-қимыл кезінде:

1) Қоғам жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды;

2) Қоғам әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;

3) Қоғамға жіберілетін сауалдарға жауаптар уақтылы және толық көлемде беріледі;

4) Қоғам бағдарламалардың іске асырылу барысын талқылау, пікір алмасу үшін жұртшылықпен тұрақты кездесулер (дөңгелек үстелдер, брифингтер, ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру) ұйымдастырады;

5) Қоғамның демеушілік және қайырымдылық қызметі халықтың қорғалмаған топтары мен аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетуге, ұлттық құндылықтарды жандандыруға, мәдениетті, ғылымды және білім беруді қолдауға бағытталған.

39. Мүдделі тараптарға әсер етуді басқару тәсілдерін ресімдеу кезінде Қоғам саясаттың 34-38-тармақтарында айқындалған талаптарды сақтау қажеттілігіне негізделеді.

2-тарау. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары

5. Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдастары

5.1. Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу

40-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

40. Қоғам ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу үшін құрылған жеке капитал қорларының қоры болып табылады. Қоғамның қызметі Қазақстанда тікелей инвестициялар нарығының инфрақұрылымын қалыптастыруға, экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тартуға, жетекші халықаралық тәжірибені пайдалануға және тікелей инвестициялар нарығында инновациялық білім мен технологиялар трансфертін беруге бағытталған.

41-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

41. Қоғам ірі индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды қолдау шеңберінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

42. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. қар.)

43. Қоғам инвесторлар үшін қаржылық емес ақпаратты ашудың маңыздылығын түсіне отырып, ішкі және сыртқы нарықтарда инвестицияларды тарту және қаржы құралдарын танымал ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

44-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

44. Экономикалық тиімді және тұрақты қызмет мақсатына қол жеткізген кезде Қоғам осы саладағы негізгі халықаралық стандарттарға - БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттарына (UN PRI) және БҰҰ Жаһандық шартының (UNGCI) қағидаттарына сәйкес жауапты инвестициялау практикасын дамыту мақсатында Қоғамның қаржылық қолдауын алатын жобалар шеңберінде экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) озық халықаралық тәжірибені ұстанады.

45-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

45. Қоғам ESG факторларын операциялық және инвестициялық процестерге енгізуге және интеграциялауға ұмтылады. Жобаларға басымдық беру құралы ретінде осы саясатқа [№ 1 қосымшаға](#) сәйкес әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жобаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес Даму индексі, «ABC» жіктеуіші және осы саясатқа [№ 2 қосымшаға](#) сәйкес ESG дью-дилидженс жүргізу үшін сауалнама пайдаланылады.

46-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

46. Қоғам және оның ЕҰ өз контрагенттерінен мыналарды күтеді:

1) қоршаған ортаға және Қоғамға нақты және ықтимал әсерлерді анықтау, бағалау бойынша экологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін (қоршаған ортаға әсерді) қолдану, экологиялық тәуекелдер деңгейін басқару мен бақылаудың тиісті шараларын айқындау және нәтижелі енгізу;

2) бірлестіктердің бостандығы мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуге негізделуі тиіс адам ресурстарын басқару және қызметкерлердің денсаулығын қамтамасыз ету (сақтау) жүйесін қолдану; бұл жүйе қызметкерлерге әділ қарауды, олар үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасауды, халық топтары мен тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсердің ескертуді және алдын алуды жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс;

3) әділдік, инклюзивтілік, кемсітушілікке жол бермеу, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік пен құзыреттілік қағидаттарына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесін қолдану; адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты сақтауға ықпал етеді.

5.2. Өзінің экологиялық әсерін басқару

47. Өз қызметінің сипатына байланысты Қоғам қоршаған ортаға тікелей әсер етпейді. Қоғам тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

48. Қоғам қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады.

49. Қоғам өз қызметінде энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екіжақты басып шығару тәжірибесін енгізу арқылы кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы ресурстарды шамадан тыс тұтынуды азайтуға және бар теріс экологиялық әсерді азайтуға тырысады.

50-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

50. Қоғамда «жасыл кеңсе» тұжырымдамасы енгізілді, оның маңызды құрамдас бөлігі қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық науқан, оның ішінде кеңсе ресурстарын үнемдеуге бағытталған іс-шаралар, мысалы, электр энергиясы мен суды тұтынуды азайту, ластануды азайту, қалдықтарды басқару, көгалдандыру және т.б. болып табылады.

5.3. Жауапты еңбек тәжірибесі

51-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

51. Қызметкерлер - басты құндылық және негізгі ресурс, олардың кәсіби деңгейі мен қауіпсіздігі Қоғам қызметінің нәтижелеріне тікелей байланысты.

52. Қоғам өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық қағидаты және қызметкердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау негізінде құрады.

53-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

53. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділік беру, лауазымын жоғарылату, жұмыстан шығару кезінде жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, мүмкіндіктері шектеулі және басқа да белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

54-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

54. Кадрларды іріктеуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі ең білікті кандидаттарды тарту үшін кадрларды іздеу және іріктеу арналарының кең жиынтығын пайдаланады және тең құқықтар мен инклюзивтілік қағидаттарына негізделген қызметкерлерді жалдауды жүзеге асырады.

55. Кәсіби кадрларды одан әрі дамыту және ілгерілету мақсатында Қоғам Жалғыз акционердің интеграцияланған бірыңғай кадр резервіне талаптарға сәйкес келетін үздік қызметкерлерді қосады.

56. Қоғамда қазіргі заманғы технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесі жұмыс істейді.

57. Қоғам оқытудың озық түрлерін, соның ішінде сарапшылармен бизнес-таңғы асты, оқыту тағылымдамаларын, коучингті, кейстерді, ми шабуылдарын және т.б. пайдаланады.

58. Қоғам қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне (ҚНҚ картасына), қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкестігі;

2) оқыту іс-шараларының Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;

3) оқытудың және кәсіптік дамудың жүйелі, қолданбалы, жоспарлы сипаты;

4) Қоғам қызметкерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен қамту.

59. Қоғамдағы оқыту процесі қызметкерлердің құзыреттері бойынша жыл сайынғы бағалау негізінде құрылады.

60. Қызметкерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру тиімділікті қолдану, персоналды бағалау және уәждемелік шаралар тәсілімен қызметті әділ және жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

61. Еңбек үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақыны қамтамасыз ету мақсатында Қоғам грейдтер жүйесін енгізуге ұмтылады, сондай-ақ Қоғам нарықтағы және салыстырмалы саладағы жалақыларға үнемі шолу жасайды, ынталандырушылық зерттеулер жүргізеді.

62. Қоғам жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды және осы саладағы Қазақстан Республикасы [заңнамасының](#) талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

63. Қоғам еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты барлық оқиғалар мен проблемаларды оларды азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және тексереді.

64. Қоғам осы саладағы қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді қажетті даярлауды ұсынады.

Саясат «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес 64-1-тармақпен толықтырылды.

64-1. Қоғам еңбекті қорғау және қауіпсіздік сертификатын (OHSAS 18001/ISO 45001), экологиялық менеджмент сертификатын (ISO 14001) алуды қарастыруда.

5.4. Жауапты іскерлік тәжірибе

65. Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәжірибелерді енгізеді және қолдайды.

Саясат «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес 65-1-тармақпен толықтырылды.

65-1. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет бар, ол өз қызметі шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесіне ғана есеп береді.

66. Қоғамның барлық деңгейлерінің басшылары өз қарамағындағы қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізуді ұстануды, көтермелеуді және қадағалауды көрсетеді.

67. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзінің лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің, контрагенттерінің хабардарлығын арттырады.

68. Қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою бойынша қызметкерлерді оқыту тұрақты негізде жүргізіледі.

69. Қоғамда кері байланыс тетіктері жұмыс істейді, ол арқылы Қоғамның лауазымды адамдары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қоғамның кез келген лауазымды адамы, қызметкері, Қоғам контрагентінің лауазымды адамы, қызметкері, өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бере алады.

70. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысынан босатылған ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдау үшін жауапкершілік алады.

3-тарау. Саясатты іске асыру тетіктері

6. Жауапкершілікті бөлу

71. Қоғамда тұрақты дамуды басқару Қоғам қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

72. Қоғамның Директорлар кеңесі тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады және есепті кезеңнен кейінгі жылдың үшінші тоқсанында жыл сайынғы негізде Қоғамның тұрақты дамуы туралы есепті бекітеді.

73. Қоғам Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

74-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

74. Қоғам Басқармасы мыналарды бекітеді:

1) Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспары;

2) Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың бірінші тоқсанында.

75. Тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше жыл сайын бірінші тоқсан ішінде осы саясаттың 74-тармағының 2) тармақшасында көзделген тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті Қоғам Басқармасының бекітуіне шығарады.

76. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарында белгіленген тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

77. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері Қоғамның даму стратегиясында белгіленген тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

78-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

78. Өз құзыреті шегінде тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ҚНҚ-ға қол жеткізу үшін тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары, басқарушы директорлар, Қоғамның Басқарма мүшелері дербес жауапты болады. Бұған қоса, тұрақты дамуға байланысты ҚНҚ тұрақты негізде стратегиялық мақсаттар мен міндеттермен анықталады.

79. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің сұрау салуы бойынша Қоғамның жылдық есебіне енгізу үшін ақпаратты ұсынады, қажет болған жағдайда Қоғамның осы саладағы қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

80. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мынадай функцияларды орындайды:

1) тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды, тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметті жақсарту және жетілдіру жөніндегі мақсаттарды, іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстар мен орындау мерзімдерін айқындауды жүзеге асырады;

2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қызметін үйлестіреді;

3) осы саясаттың [74-тармағының 1\) тармақшасында](#) көзделген тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;

4) ішкі нормативтік құжаттарды келісуді қоса алғанда, тұрақты даму мәселелері бойынша Қоғамның ЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасайды;

5) халықаралық ұйымдармен, институттармен, тұрақты даму мәселелері жөніндегі агенттіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

7. Тұрақты даму қағидаттарын негізгі процестерге интеграциялау

81-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

81. Қоғам тұрақты даму қағидаттарын жоспарлау, есеп беру, тәуекелдерді басқару, инвестициялық және операциялық қызмет және басқаларын қоса алғанда, даму стратегиясына және Қоғамның негізгі процестеріне, сондай-ақ органдардан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап және қатардағы қызметкерлермен аяқталатын барлық деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне біріктіреді.

7.1. Шешім қабылдау процестері

82-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

82. Қоғамда шешім қабылдау процесі келесілерге негізделеді:

1) тұрақты даму қағидаттарына бейілділікті Қоғамның уәкілетті органдары белгілейді;

2) шешім қабылдау процесі қаржылық, табиғи және адами ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді;

3) Қоғамда тең мүмкіндіктер берілген және жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, тұрғылықты жері, шектеулі мүмкіндіктері және өзге де белгілері бойынша кемсітуге жол берілмейді;

4) Қоғамда өзара іс-қимылды жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектесетін мүдделі тараптармен екіжақты ақпарат алмасу процестері белгіленген;

5) Қоғамда кезеңдік негізде басқару процестеріне талдау және бағалау, қажет болған жағдайда процестерді түзету және тиісті ақпаратты барлық мүдделі тұлғаларға жеткізу жүргізіледі.

7.2. Даму стратегиясы және жоспарлау

83. Қоғам Қоғамның даму стратегиясына ESG-өзінің көзқарасы, мақсаттары және тұрақты даму шеңберінде көрсетілетін ықпалы туралы тезисті (немесе тезистерді) енгізеді.

84. Қоғам тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін инвестициялық портфель деңгейінде (жобаларды іріктеу, қаржылық емес көрсеткіштер, мониторинг) тұрақты даму шеңберінде нақты, бірақ өршіл мақсаттар қояды.

85. Қоғам өзінің ESG тезисін, инвестициялық саясатын және инвестициялық портфель деңгейіндегі ықпал ету мақсаттарын мезгіл-мезгіл қайта қарайды және өзектендіреді.

86. Стратегиялық интеграция Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қоғамның даму стратегиясын өзектендіруді көздейді.

87. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды *(ескі ред. қар.)*

7.3. Корпоративтік басқару

88. Қоғамның тұрақты дамуын басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты.

Саясат «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес 88-1-тармақпен толықтырылды.

88-1. Қоғам корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, Қоғамның және оның ЕҰ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық стандарттарын ұстануға бейілділігін растау мақсатында Корпоративтік басқару кодексін әзірледі.

89. Қоғамның КБК негізгі қағидаттарының бірі тұрақты даму қағидаты болып табылады.

90. Барлық деңгейдегі Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды адамдары тұрақты дамуға үлес қосады.

7.4. Операциялық қызмет

91. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді таңдауды Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ашық негізде жүзеге асырады және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің ең үздік бағасын, сапасы мен шарттарын, сондай-ақ контрагенттің жақсы іскерлік беделін қалауға негізделеді.

92. Қоғам тұрақты даму мақсаттарына сәйкестікті арттыру үшін әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттарын енгізу мүмкіндігін қарастырады.

7.5. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

93-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

93. Қоғам ESG тәуекелдерін жүзеге асыру Қоғамның және оның ЕҰ қызметіне және қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін екенін мойындайды. Осыған байланысты, Қоғам ESG тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және басқару жөніндегі тиісті халықаралық тәжірибені зерделеу, ESG тәуекелдерін бағалау және басқару жүйесін әзірлеу және іске асыру жөніндегі жол картасын әзірлеу және кейіннен іске асыру, ESG тәуекелдерін тәуекелдер тізіліміне енгізу және т.б. арқылы тәуекелдерді басқару жүйесіне ESG тәуекелдерін инкорпорациялауға ұмтылады.

94 - 97. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. қар.)

7.6. Қаржылық қолдау

98-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

98. Қоғам ESG факторларын инвестициялық процестерге интеграциялайды (соның ішінде ESG қағидаттарын инвестициялық құжаттарға енгізу, алдын ала ESG дью-дилідженс жаңа жобаларды жүргізу, ESG тәуекелдерін тәуекелдер тізіліміне енгізу, ESG көрсеткіштер бөлігінде ағымдағы жобаларды іске асыру мониторингі).

99, 100. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. қар.)

101-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

101. Портфельдік компанияларды бағалаудың ESG процестері мен рәсімдері осы саясатқа [№ 1 қосымшаға](#) сәйкес әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жобаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес «ABC» жіктеуішін және осы саясатқа [№ 1-1 қосымшаға](#) сәйкес ESG дью-дилидженс тағайындауға негізделеді.

102-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

102. Жоба, егер оны іске асыру мыналарды көздесе, қоршаған ортаға оң әсер етеді: парниктік газдар мен атмосфераға зиянды басқа заттардың шығарындыларын азайту; жаңартылатын энергияның генерациялайтын қуаттарын ұлғайту (жел, гидро, геотермалдық, био, күн және өзге де энергия, қоқысты қайта өңдеу);

энергия тиімділігін арттыру;

суды тұтынуды азайту және су ресурстарын тиімді пайдалану тәсілдерін ілгерілету, суды үнемдеу технологияларын, суды тұтынуды есепке алу жүйелерін және суды қайта өңдеуді ілгерілету;

суды тарату және беру кезінде оның шығынын азайту;

суды көп қажетсінетін секторлар мен салаларда су тұтыну тиімділігін оңтайландыру;

суды үнемдеуге әкелетін су инфрақұрылымының сапасын арттыру;

зиянды қалдықтардың пайда болуын азайту;

қалдықтар мен сарқынды сулардың түзілуін азайту;

су тұтыну қалдықтарының түзілуін азайту;

су тазарту;

шумен ластануды азайту;

қауіпті материалдарды пайдалану мен сақтауды азайту;

топырақтың ластануының алдын алу және азайту;

жерді рекультивациялау және қалпына келтіру;

климаттың өзгеруіне байланысты проблемаларды шешу;

биоалуантүрлілікті сақтау;

тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу;

қоршаған ортаны қорғау технологиялары саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер;

инновациялық шешімдерді қолдану арқылы қоршаған ортаны қорғау стандарттарын арттыру.

103-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

103. Жоба, егер оны іске асыру мыналарды көзделсе, Қоғам үшін оң әсер етеді:

жаңа және қауіпсіз жұмыс орындарын құру (бір күнтізбелік жылдан астам, оның ішінде жоғары технологиялық салаларда);

халықтың электрмен жабдықтауға және (немесе) жылытуға қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың таза суға және санитарияға қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың тұрғын үйге (оның ішінде энергия тиімді тұрғын үйге) қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың қоғамдық көлікке және көлік шешімдеріне (оның ішінде экологиялық таза қоғамдық көлікке) қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың білім алуға қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне (медициналық қызметтерге) қол жеткізуін жетілдіру;

халықтың отырықшы топтарының әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін жетілдіру (инклюзивті орта құру және жетілдіру);

мәдени мұраны қорғау.

104-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

104. Жобалық портфельді қалыптастыру кезінде Қоғам БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-

экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаға күн тәртібінің ESG интеграциясының неғұрлым жоғары деңгейі бар жобаларға, оның ішінде мыналарға жәрдемдесетін жобаларға артықшылық береді:

- 1) барлығын қамту және тұрақты индустрияландыру;
- 2) қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өміршеңдігі және экологиялық орнықтылығы;
- 3) Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың (қалалардың) экономикасын әртараптыңдыру.

105. Қоғам қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге де қызметтің әлеуметтік ықпалы саласында озық халықаралық тәжірибелерді қолдануға ұмтылады.

106-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

106. Қоғамның және оны қаржылық қолдауға дейін беру туралы шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген талап етілетін рұқсат құжаттарының болуы қажет.

107-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

107. Қаржыландырылатын жобалардың қоршаған ортаға әсерінің ауқымы мен сипатына қарай Қоғам шарт негізінде консалтингтік компаниялар мен жекелеген сарапшыларды тарта алады және жобалардың экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін бағалау мен мониторинг жүргізу мақсатында сертификатталған скорингтік платформаларды пайдалана алады.

108. Басқа халықаралық және ұлттық қаржы институттары жобаларды қоса қаржыландыруға тартылған жағдайда, Қоғам және оның ЕҰ осындай құжаттар болған жағдайда, осы ұйымдар ұсынған құжаттардың тиісті ережелерін басшылыққа алады.

109-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

109. Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамаларға, оның ішінде жауапты инвестициялау практикасын қолдануға қатысты бастамаларға қосылу арқылы қатысуды дәйекті түрде кеңейтуге ниетті.

8. Тұрақты даму шеңберіндегі жобалардың әсерін бағалау процесі

110-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

110. Қоғам жобаны іріктеу, қаржыландыру, жобаны іске асыруды басқару кезеңінде және жобадан шығу кезеңінде инвестициялық процестің барлық кезеңдерінде ESG қағидаттарын енгізуге ұмтылады. Қоғам [№ 1-1 қосымшаға](#) сәйкес ESG дью-дилидженс жүргізеді және [№ 1 қосымшаға](#) сәйкес әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жобаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес жоба санатын береді.

111 - 124. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды *(ескі ред. қар.)*

10-тараудың атауы «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

10. Мониторинг

125 - 127. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред. қар.*)

128. Қоғам және кәсіптік ТИҚ әрбір жеке жағдайда іріктелетін және елеулі экологиялық және әлеуметтік әсер етуге қабілетті жобаларға мониторинг жүргізеді.

129-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

129. Жыл сайынғы мониторинг процесі өтінім берушінің сауалнаманы толтыруын (ESG дью-дилидженс жүргізу үшін) және қажет болған жағдайда жобаны іске асыру орнына баруды қамтиды. Өтінім беруші толтырған сауалнаманы ұсыну күнін Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері және ЕҰ айқындайды.

130. «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды (*ескі ред. қар.*)

11. Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу

131-тармаққа «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қар.)

131. Қоғам стейкхолдерлерді хабардар ету үшін тұрақты даму саласындағы тиісті ақпаратты ашады.

132-тармақ «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

132. Портфельдік компаниялар туралы ақпаратты ашу кезінде Қоғам саясатқа [№ 1 қосымшаға](#) сәйкес әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жобаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес «ABC» жіктеуішін және саясатқа [№ 2 қосымшаға](#) сәйкес ESG дью-дилидженс және ESG дью-дилидженс жүргізу үшін сауалнама негізінде ESG мониторингінің нәтижелерін пайдаланады.

133. Қоғамның саясаты көпшілікке ашық және корпоративтік интернет-сайтта орналастырылған.

4-тарау. Қорытынды ережелер

134. Саясат бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

135. Қоғам және оның ЕҰ өз қызметінде саясат ережелерін енгізуге ұмтылады.

136. Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғамның және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық практикада тұрақты даму саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, саясатты жетілдіреді.

137. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын шығару нәтижесінде саясаттың жекелеген тармақтары оларға қайшы келсе, бұл тармақтардың күші жойылады. Осы бөліктегі саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын және кеш бекіту мерзімінің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

138. Осы саясатта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның [жарғысымен](#), ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

1-қосымша «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

«Qazaqstan Investment Corporation»
акционерлік қоғамының
тұрақты даму [саясатына](#)
№ 1 қосымша

Әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жобаларды жіктеу әдістемесі

«А», «В», «С», «ҚД» санатындағы жобаларды жіктеудің жалпы ережелері

1. Осы қосымшада әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейіне қарай қаржыландырылатын жобалардың келесі жіктеуіші анықтады:

1) Тікелей инвестициялау жобалары:

«А» санатындағы жобалар (жоғары тәуекел). Жоба қоршаған ортаға және (немесе) Қоғамға айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін болса, сонымен бірге әр түрлі, қайтымсыз және (немесе) бұрын-соңды болмаған болса, «А» санаты бойынша жіктеледі. Мұндай әсер физикалық жұмыстарды жүргізу алаңдарынан немесе объектілерінен тыс аумаққа әсер етуі мүмкін.

«В» санатындағы жобалар (орташа тәуекел). Егер оның қоршаған ортаға және (немесе) Қоғамға ықтимал әсері «А» санатындағы жобаларға қарағанда аз дәрежеде қолайсыз болып табылса, жоба «В» санаты бойынша жіктеледі. Мұндай жобалардың әсер ету факторлары аз, белгілі бір аумаққа тән болып келеді, қайтымсыз факторлар барлық факторлардың аз бөлігін құрайды немесе мүлдем жоқ және әсерді азайту шаралары барынша қолжетімді.

«С» санатындағы жобалар (төмен тәуекел). Жоба қоршаған ортаға және (немесе) Қоғамға ең аз әсер етсе немесе теріс әсер етпесе, «С» санаты бойынша жіктеледі. Бұл жоба оны осы санатқа жатқыздудан басқа, алдын ала экологиялық және әлеуметтік бағалауды қажет етпейді.

2) Қаржы делдалдарының қатысуымен жобалар:

«ҚД» санатындағы жобалар (қаржы делдалдары). Егер оның қаржыландыру құрылымы қаржы делдалдары (ҚД) арқылы қаражат беруді көздейтін болса, ол арқылы ҚД жобаны бағалау және мониторинг жүргізу жөніндегі міндеттерді өзіне алатын болса, жоба «ҚД» санаты бойынша жіктеледі.

2. Тәуекел деңгейіне байланысты жобаны жіктеу келесі мақсаттарда жүзеге асырылады: ұсынылатын жобаға байланысты ықтимал экологиялық және әлеуметтік салдарлар мен проблемалардың ауқымын есепке алу;

жобаның сипатын, іске асырылу орнын, экологиялық сезімталдығы мен ауқымын, оның ішінде онымен байланысты ықтимал экологиялық салдарлар мен проблемалардың сипаты мен ауырлығын назарға ала отырып, әрбір жоба бойынша талап етілетін экологиялық және әлеуметтік аспектілерді пысықтаудың сипаты мен ауқымын айқындау, ақпаратты жариялау және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

3. Кешенді зерттеудің санаты мен ауқымын айқындау үшін жеткілікті ақпарат белгілі бір санатқа жатқызу сәтінде болмаған кезде Қоғам портфельдік компанияларға қажетті ақпаратты ұсынуға сұрау салады.

«А», «В», «С», «ҚД» санатындағы жобаларға қатысты рәсімдер

4. «А» санатына жатқызылған жоба үшін өтінім беруші қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес ҚОӘБ міндетті болып табылатын шаруашылық және өзге де қызмет түрлері үшін ҚОӘБ жүргізуге міндеттенеді. Бұл ретте:

1) жобаның ҚОӘБ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын сақтай отырып жүргізіледі;

2) өтінім беруші өз есебінен ҚОӘБ жүргізеді және есеп дайындайды;

3) өтінім беруші ҚОӘБ нәтижелері бойынша есептің жұртшылық үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ҚОӘБ барысында және өтінім беруші тарапынан осы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі жауапты тұлғалардың пікірін ескереді.

5. «В» санатына жатқызылған жобаға қатысты өтінім беруші жобаны іске асырудың ауқымы мен шарттарын ескере отырып, мынадай мәселелер бойынша ақпарат пен құжаттарды беруге міндеттенеді:

1) жобаның мақсаттары, негізгі ұйымдастырушылық және техникалық шешімдері мен көрсеткіштері;

2) осы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі жауапты тұлғаларды көрсете отырып, жобамен тікелей байланысты және (немесе) жоба шеңберінде жоспарланатын қызметке қатысты қолданылатын экологиялық және әлеуметтік әсерді басқару жүйесі;

3) өтінім беруші жүзеге асыратын, жобаға тікелей байланысты және (немесе) жобаға елеулі әсер етуі мүмкін қызмет, елеулі әсер ететін қоршаған орта элементтері, тұрғындар мен қоғамдастық санаттары;

4) жоба қызметінің елеулі экологиялық және әлеуметтік әсері;

5) неғұрлым елеулі теріс әсерлердің алдын алу, жеңілдету немесе олардың орнын толтыру үшін жобамен жүзеге асырылатын және ұсынылатын іс-шаралар;

6) жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерін талдаудың қолданылатын немесе қолдануға жоспарланатын әдістері мен кезеңділігі;

7) жобаға тікелей байланысты және (немесе) жобамен байланысты жүзеге асырылатын қызметтің экологиялық және әлеуметтік әсеріне орай жұртшылықтың өтініштері;

8) қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша жобаға тікелей байланысты және жобамен байланысты қызметке қатысты қолда бар рұқсат беру және мемлекеттік органдармен келісу құжаттамасы;

9) өтінім беруші егер жобаға тікелей байланысты және (немесе) жобамен байланысты қызмет Қоғамның және оның ЕҰ экологиялық және әлеуметтік талаптарына сәйкес келмесе, жобаға тікелей байланысты және (немесе) жобамен байланысты қызметтің Қоғамның және оның ЕҰ экологиялық және әлеуметтік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін іске асыратын іс-шаралар жоспарының жобасы.

6. «С» санатына жатқызылған жоба үшін жобаны экологиялық және әлеуметтік бағалау бойынша одан әрі рәсімдер талап етілмейді.

7. Қоғам және кәсіптік ТИҚ жобаның әлеуметтік және экологиялық әсері мәселелері бойынша өтінім берушімен консультациялар өткізу құқығын өзіне қалдырады.

8. ҚД экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін анықтау жөніндегі рәсімдер мынадай мақсаттарда тәуекелдерді бағалау және мониторингілеу тетіктерін қамтуы тиіс:

1) қаржыландырудан алынатын қызмет түрлерінің тізбесі бойынша жобаларды қаржыландыруға жол бермеу;

2) жобаны құрылымдауды бағалау барысында, қажет болған жағдайда өтінім берушіге түзету іс-қимылдарының жоспарларын іске асыру туралы талаптарды қоса алғанда, оның экологиялық және әлеуметтік саладағы заңнамалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

«А», «В», «С» және «ҚД» санаттарындағы жобалардың үлгі тізбесі

Жобаны белгілі бір санатқа жатқызу кез келген нақты немесе ықтимал қолайсыз болашақ экологиялық немесе әлеуметтік әсерлердің сипаты мен маңыздылығына байланысты және жобаның сипатының, орналасуының және ауқымының ерекшеліктерімен анықталады және әрбір жеке жағдай үшін қарастырылуы тиіс.

«А» санатындағы жобалардың мысалдары

Төмендегі тізімде «А» санатына жатқызылуы мүмкін жоба түрлерінің мысалдары келтірілген. Бұл тізім жаңа құрылыс жобаларына (нөлден бастау жоспарланып отырған жобаларға), сондай-ақ объектілерді ауқымды кеңейту немесе қайта құру/қайта бейіндеу жөніндегі жобаларға да қолданылады.

Төменде аталған жобалардың түрлері болашақтағы ықтимал қолайсыз экологиялық және (немесе) әлеуметтік әсерлерге әкеп соғуы мүмкін және осыған байланысты Қазақстан Республикасының [Экологиялық кодексінде](#) айқындалған шаруашылық және өзге де қызмет түрлері үшін экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалауды жүргізуді талап етеді.

1. Энергетика (мұнай өңдеу зауыттары, газ өңдеу зауыттары, жылу электр станциялары, атом электр станциялары).

2. Кенді емес минералды заттарды өңдеу.

3. Химия өнеркәсібі.

4. Қалдықтарды басқару.

5. Целлюлоза-қағаз өндірісі.

6. Автомобиль, теміржол және әуе көлігі.

7. Су көлігі.

8. Су ресурстарын басқару.

9. Минералды өнеркәсіп.

10. Әлеуметтік-экономикалық сипаттағы елеулі проблемалар туғызатын өзге де қызмет түрлері.

«В» санатындағы жобалардың мысалдары

Төмендегі тізімде «В» санатына жатқызылуы мүмкін жоба түрлерінің мысалдары келтірілген.

1. Қонақ үй/туристік бизнесті дамыту.

2. Сүт шаруашылығы.

3. Металдарды өндіру және өңдеу.

4. Тамақ өнеркәсібі.

5. Қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту.

6. Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары.

7. Ауруханалар.

8. Тоқыма фабрикалары.

«С» санатындағы жобалардың мысалдары

Төмендегі тізімде «С» санатына жатқызылуы мүмкін жоба түрлерінің мысалдары келтірілген.

1. Бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеу.

2. Факторингтік компаниялар.

3. Консультациялық фирмалар.

4. Акцияларды тіркеу.

5. Қызмет көрсету саласы.

6. Қор операциялары.

7. Техникалық көмек.

«ҚД» санатындағы жобалардың мысалдары

Төменде «ҚД» санатына жатқызылуы мүмкін жоба түрлерінің мысалдары келтірілген.

1. Банк.

2. Микроқаржы ұйымы.

3. Жеке капитал қоры.

4. Инвестициялық қор.

5. Лизингтік компания.

ESG дью-дилидженс

1. Кез келген жобаға инвестициялау (соның ішінде жаңа жобаларға инвестициялау немесе ағымдағы жобаларға қосымша инвестициялар беру) алдында Қоғам/кәсіптік ТИҚ алдын ала ESG дью-дилидженс жүргізеді, ол үшін қажет болған жағдайда сыртқы консультанттар тартылуы мүмкін.

2. Алдын ала ESG дью-дилидженс жүргізу рәсімдері мен құралдары құжаттаманы талдау шеңберінде және қажет болған жағдайда объектіге барған кезде келесі қадамдарды қамтуы керек:

1) өтінім беруші тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, [№ 2 қосымшада](#) ұсынылған ESG дью-дилидженс өткізу үшін сауалнаманы толтыру;

2) жобаны Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу шеңберінде Қоғам қаржылық қолдау көрсететін бағыттарға сәйкестігін тексеру. Қоғам Жалғыз акционердің даму жоспарында бекітілген бағыттарға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей бағдарланады:

- экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту;
- кәсіпкерлікті, экономиканың жеке секторын дамыту;
- экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау;
- еңбек өнімділігін арттыру;
- экономиканы урбанизациялауды қолдау; инновацияларды дамыту;
- инфрақұрылымды дамыту;

3) жобаны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның және оның ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарында тыйым салынған қызметтің алып тасталатын түрлеріне сәйкестігін тексеру.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобаларды іске асыру кезінде осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген тексеруден басқа, жобаны осы халықаралық қаржы ұйымдары тыйым салған алып тасталатын қызмет түрлеріне сәйкестігіне тексеру жүзеге асырылады;

4) өнеркәсіп саласына және әдетте осы қызмет түрімен байланысты экологиялық және әлеуметтік мәселелерге шолу;

5) өтінім берушінің өткен қызметінің нәтижелерін экологиялық және әлеуметтік аспектілер тұрғысынан экология саласындағы заңнаманы сақтамауды және бұқаралық ақпарат құралдарында теріс жариялауды ықтимал анықтау тұрғысынан тексеру;

6) жобаға оның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде байланысты әлеуметтік экологиялық және әлеуметтік проблемаларды жұмсарту жөніндегі болжамды іс-шараларға (егер олар жүргізілген болса) шолу;

7) жобаны Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы заңнамасына сәйкестігін және осы салалардағы тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес талап етілетін барлық ресми рұқсаттардың, мақұлдаулардың, лицензиялар мен куәліктердің болуын тексеру.

3. Алдын ала ESG дью-дилидженс нәтижелері және жобаларды ықтимал экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер деңгейі бойынша жіктеу әдістемесіне сәйкес жобаны жіктеу негізінде [№ 1 қосымшаға](#) сәйкес жобаның ESG тәуекел деңгейі анықталады, атап айтқанда

жоба ESG тәуекелдерінің жоғары, орташа немесе төмен деңгейі бар жоба ретінде жіктеледі. Мұндай жіктеудің негіздемесі құжатталады.

4. Қоршаған ортаға әсерді бағалау (бұдан әрі – ҚОӘБ) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын ESG тәуекелдерінің жоғары және орташа деңгейі бар жобалар үшін өтінім беруші өз есебінен дайындалған ҚОӘБ ұсынады.

5. Өзге де міндетті сараптамалардың нәтижелерімен қатар, алдын ала ESG дью-дилідженс және ҚОӘБ нәтижелері, егер соңғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет болса, жобаны қаржыландыру және қаржыландыру шарттары туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі.

2-қосымша «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ Директорлар кеңесінің 14.09.23 жылғы № 12/23 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қар.)

«Qazaqstan Investment Corporation»
акционерлік қоғамының
тұрақты даму [саясатына](#)
№ 2 қосымша

ESG¹ дью-дилідженс жүргізуге арналған сауалнама

Жоба паспорты

P/c №	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Мәні		
			1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	Қаржылық қолдау алушы кәсіпорынның атауы	атауы			
2	Жобаның атауы	атауы			
3	Соңғы бенефициар	атауы			
4	Өндірілетін өнімнің/көрсетілетін қызметтің атауы	атауы			
5	Жобаны іске асыру орны	қала, аудан			
6	Капиталға кіру күні	кк.аа.жж			
7	Пайдалануға берілген күні	кк.аа.жж			
8	Жобаның құны	млн (валютаны көрсету)			

¹ ESG — бұл әлеуметтік жауапты инвесторлар әлеуетті инвестицияларды тексеру үшін пайдаланатын компания қызметі стандарттарының жиынтығы.

Экологиялық өлшемшарттар (E — ағылш. environmental) компанияның қоршаған ортаға қаншалықты қамқорлық жасайтынын анықтайды және парниктік газдар шығарындылары, қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстарды пайдалану, экологиялық заңдарды сақтау және т.б. сияқты мәселелерді қамтиды. Әлеуметтік өлшемшарттар (S — ағылш. social) компанияның қызметкерлерге, өнім берушілерге, клиенттерге және серіктестерге деген көзқарасын көрсетеді және денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, балалар мен мәжбүрлі еңбекті қолдануға тыйым салу, қызметкерлердің кәсіби дамуы, зиянды еңбек жағдайлары, адам құқықтарының сақталуы, өнім сапасына жауапкершілік және т.б. сияқты мәселелерді қамтиды. Басқару өлшемшарттары немесе корпоративтік басқару өлшемшарттары (G — ағылш. governance) басшылықтың тиімділігіне, басшылардың еңбегіне ақы төлеудің негізділігіне, акционерлердің құқықтарына, аудит сапасына, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа және т.б. байланысты.

9	Қаржыландыру сомасы		млн (валютаны көрсету)			
10	Қаржыландыру құралы		көрсету (үлестік қаржыландыру/қарыз)			
11	Капиталға кіру үлесі		%			
12	Жобаның өндірістік қуаты жылына заттай түрде		көрсету (тонна, текше метр, литр, дана саны және т.б.)			
13	Кәсіпорынның өндіріс көлемі	заттай түрде	көрсету (тонна, текше метр, литр, дана саны және т.б.)			
14		ақшалай түрде	млн. (валютаны көрсету)			
15	Құрылған жұмыс орындарының саны (барлық уақыт/қаржылық қолдау уақыты үшін)		Бірлік			
16	Өндірілген электр энергиясының көлемі (егер жоба Қазақстан Республикасының және/немесе үздік әлемдік практиканың заңнамасымен бекітілген «жасыл» таксономия/жобаларды жіктеу өлшемшарттарына сәйкес келсе, «жасыл» болып саналады)		мың кВт/сағ			
17	Өнім экспорты		«Иә/Жоқ» деп көрсету			
18	Өнім экспортының елі		ел			
19	Экспортталатын өнім көлемі	заттай түрде	көрсету (тонна, текше метр, литр, дана саны және т.б.)			
20		ақшалай түрде (экспорттық түсім)	млн. теңге			
21	Суды тұтыну көлемі		м ³			
22	Бензин мен дизель отынын тұтыну көлемі		л			
23	Энергия тұтыну көлемі: - электр энергиясы - жылыту		кВт*сағ г.кал			
24	Әуе және теміржол сапарлары туралы ақпарат (көмірқышқыл газы шығарындыларының көлемін есептеу үшін)		км (авиа) км (т/ж)			
25	Қағазды тұтыну		тонна			
26	Қалдықтар, тоннамен - оның ішінде екінші (қайталама) қайта өңдеуге тапсырылды		тонна			
27	Өнім экспорты		көрсету «Иә/жоқ»			
28	Өнім экспортының елі		ел			

29	Экспортталатын өнім көлемі	заттай түрде	<i>көрсету</i> (тонна, текше метр, литр, дана саны және т.б.)			
30		ақшалай түрде (экспорттық түсім)	млн. теңге			
31	Бюджетке төленетін төлемдердің нақты орташа жылдық көлемі (Қазақстан аумағында іске асырылатын жобалар үшін)		млн. теңге			
32	Жаңа өнім берушілерді әлеуметтік өлшемшарттардың орындалуына тексеру		<i>көрсету</i> «Иә/жоқ»			
33	Жаңа өнім берушілерді экологиялық өлшемшарттардың орындалуына тексеру		<i>көрсету</i> «Иә/жоқ»			
34	Жергілікті өнім берушілерден сатып алу арақатынасы (жергілікті қамту)		үлесі (%)			
35	Екі жыныстағы бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының және өңірдегі жергілікті ең төменгі жалақының арақатынасы		коэффициент			
36	Жергілікті және шетелдік топ-менеджерлердің арақатынасы		үлесі (%)			
37	Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, трастқа қарсы практика, монополиялық практика және бұл ретте алынған табыс үшін сот процестерінің жалпы саны		саны			
38	Салық саясатының, тәуекелдерді бақылау мен басқарудың болуы		<i>сипаттау қажет</i>			

ESG дью-дилидженс жүргізуге арналған сауалнама

1-БӨЛІМ

ЖАЛПЫ СҰРАҚТАР

Компания қызметіне шолу

1.1. Сіз жұмыс істейтін географиялық орынды / негізгі елдерді сипаттаңыз. Дамушы нарықтардағы қызмет туралы толық ақпарат беріңіз.

[жауап]

1.2. Сіздің бизнесіңізге байланысты қызмет түрлерін сипаттаңыз (мысалы, кеңсе, өндіріс, қоймалау, логистика және т.б.).

[жауап]

1.3. Негізгі өнім берушілер/дистрибьюторлар жұмыс істейтін елдерді тізімдеңіз.

[жауап]

1.4. Қызметкерлердің жалпы саны туралы толық ақпарат беріңіз (тұрақты/толық емес жұмыс

	күнінің (FTE) және толық емес жұмыс күнінің баламасы бойынша). Егер Сіздің қызметіңізде мердігерлердің айтарлықтай саны болса, бөліп көрсетуді ұсыныңыз.
	[жауап]
	1.5. Компания тұрақты даму қағидаттарына (экологиялық, әлеуметтік және басқару факторлары) қатысты қандай материалдық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бизнес үшін маңызды деп санайды?
	[жауап]
ESG/ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ	
ESG жүйелері мен процестерінің жетілуі	1.6. Қолданыстағы ESG саясаттарының, процестерінің және жүйелерінің жалпы жетілу дәрежесі туралы басшылықтың пікірі қандай? Мұнда: 3 = жетілген (саясат, рәсімдер, жүйелер орталықтандырылған түрде үйлестіріледі, дұрыс орнатылады және енгізіледі, үнемі қайта қаралады және жетілдіріледі; менеджмент жүйесінің сертификаты бар, мысалы, ISO); 2 = ішінара департамент деңгейінде әзірленді және енгізілді (департаменттер ішінде әзірленді және енгізілді, бірақ орталықтандырылған түрде үйлестірілмейді, тұрақты қайта қарауға және жетілдіруге жатпайды және дәйекті түрде қолданылмайды); 1 = жетілмеген (ресми саясат пен жүйелер жоқ).
	[жауап]
Ресурстар (рөлдер мен міндеттер)	1.7. Сіз ағымдағы ESG сұрақтары үшін жауапты қызметкерді тағайындадыңыз ба? Толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
Құзыреттілік және оқыту	1.8. Олардың қандай тиісті тәжірибесі/біліктілігі бар? Бұл адам ESG саласында арнайы оқудан өтті ме?
	[жауап]
	1.9. Сіз қызметкерлер үшін ESG саласында оқыту өткізесіз бе? Олай болса, оқыту түрі, оқыту қаншалықты жиі жүргізілетіні, оған жоғары басшылық кіретіні туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
ESG комитеті/жұмыс тобы	1.10. Сіз өнімділікті бақылау үшін ESG комитетін/жұмыс тобын құрдыңыз ба, егер құрсаңыз, оны кім басқарады және ESG комитетінің/жұмыс тобының отырыстары қаншалықты жиі өткізіледі?
	[жауап]
Корпоративтік тәуекелдер тізімі	1.11. Корпоративтік тәуекелдер тізіліміне енгізілген ESG негізгі мәселелерін қысқаша сипаттаңыз.

	[жауап]
Мониторинг және есептілік	1.12. Жоғары басшылық/директорлар кеңесі/басқа уәкілетті орган алдындағы ESG мәселелері мен қызмет нәтижелері бойынша мониторинг пен есептіліктің қолданыстағы тетіктерін сипаттаңыз. Сіздің жауабыңызда компания қандай негізгі көрсеткіштерге мониторинг жүргізетінін (егер мұндай көрсеткіштер болса) және есептілік қаншалықты жиі жасалатынын және ақпарат қалай салыстырылатынын және сақталатынын (мысалы, АТ жүйелерін пайдалану арқылы және т.б.) көрсетіңіз.
	[жауап]
	1.13. Сіздің компанияңыз жылдық есептерінде ESG/КӘЖ/тұрақты даму туралы сыртқы есепті немесе арнайы бөлімді жариялай ма? Олай жарияласа, көшірмесін беріңіз.
	[жауап]
Мүшелік	1.14. Компания PRI (БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттары), БҰҰ-ның Жаһандық келісімінің немесе Климаттың өзгеруі жөніндегі институционалдық инвесторлар тобының немесе кез келген басқа тиісті ұйымның мүшесі болып табыла ма?
	[жауап]
Қоршаған орта	
Экологиялық саясат	1.15. Компания компанияның қоршаған ортаға әсерін жақсарту бойынша нақты міндеттемелер мен мақсаттарды белгілейтін экологиялық саясатты енгізді ме? Ол компанияға қатысты болуы мүмкін климаттың өзгеруі мәселелерін қамти ма? Толық ақпарат беріңіз және ұйымда саясатты кім мақұлдайтынын көрсетіңіз (мысалы, бас директор немесе баламалы тұлға/орган).
	[жауап]
	1.16. Саясат қаншалықты жиі қайта қаралады және жаңартылады?
	[жауап]
Климаттың өзгеруіне бейімделу саясаты	1.17. Компанияның климаттың өзгеруіне сезімтал активтері бар ма, ол өз портфелінің климаттың өзгеруіне сезімталдығын талдай ма? Компанияның климаттың өзгеруіне бейімделу саясаты бар ма?
	[жауап]
Ұйымдық құрылымдар/ресурстар	1.18. Күнделікті негізде қоршаған ортаны қорғауды басқаруға кім жауапты екені, оның ішінде негізгі рөлдер мен міндеттер туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
Оқыту	1.19. Қызметкерлер мен жоғары басшылық үшін өткізілген қоршаған ортаны қорғау бойынша кез келген кіріспе/оқыту туралы толық ақпарат беріңіз.

	[жауап]
Сертификаттау/стандарттар	1.20. Компания экологиялық мәселелерді шешу үшін экологиялық менеджмент жүйесін енгізді ме және оны сыртқы ұйым (мысалы, ISO 14001 немесе баламалы стандарт) сертификаттады ма?
	[жауап]
Экологиялық жақсартулар	1.21. Компаниядағы экологиялық көрсеткіштерді/стандарттарды/сәйкестікті жақсарту үшін іске асырылған кез келген маңызды бағдарламалар/жобалар/бастамалар туралы толық ақпарат беріңіз; мысалы: көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға/энергияны тұтынуды азайтуға және шығындарды үнемдеуге әкелген қалдықтарды жою/энергия тұтыну жобалары; экологиялық хабардарлықты арттыру үшін жақсартылған коммуникациялар.
	[жауап]
Рұқсаттар/лицензиялар/келісім	1.22. Компанияның барлық тиісті экологиялық рұқсаттарға/лицензияларға/келісімдерге толық сәйкес келетіндігін және соңғы үш жылда реттеу проблемалары/сақтамау жағдайлары/құқық қолдану мәселелері анықталмағанын растаңыз.
	[жауап]
Оқиғалар/бұзушылықтар	1.23. Соңғы 3 жылдағы кез келген ауыр оқиғалар/нормативтік актілерді бұзу туралы толық ақпарат беріңіз. Жауабыңызда оқиғаның сипаты, қандай жақсартулар жүзеге асырылғаны/сабақ алынғаны және қандай да бір реттеу шаралары (мәжбүрлеп орындау/сотпен қудалау/айыппұл) қолданылғаны туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.
	[жауап]
Көмірқышқыл газының шығарындылары/климаттың өзгеруі	1.24. Компания метан, азот тотығы және т.б. сияқты көмірқышқыл газының және/немесе басқа парниктік газдардың (бұдан әрі - ПГ) шығарындылары туралы мониторингті жүзеге асыра ма және есеп бере ме? Сіздің компанияңыз мұны заңды түрде орындауға міндетті ме және ол қалай жүзеге асырылады? <i>Инвесторларға климаттың өзгеру проблемаларын бағалау кезінде IIGCC/PRI «Тікелей инвесторларға арналған климаттың өзгеруі жөніндегі нұсқаулықты» ескеру ұсынылады.</i>
	[жауап]
	1.25. Компания қазіргі/әзірленіп жатқан климаттың өзгеруі туралы заңнамаға және/немесе климаттың өзгеруінен туындаған физикалық өзгерістерге (соның ішінде су тасқыны, құрғақшылық немесе басқа да қатал ауа-райы құбылыстарына) байланысты оның қызметіне қауіп төну мүмкіндігін анықтау үшін климаттың өзгеру қаупін бағалауды жүргізді ме? Мысалы, қызметтің бұзылуы немесе активтер мен өндіріске зиян келу?

	<p>Жүргізсе, бағалау нәтижелері бойынша негізгі қорытындыларды/әрекеттерді көрсетіңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Ресурстарды пайдалану тиімділігі/ресурстарды басқару	<p>1.26. Компанияның негізгі энергетикалық (мысалы, газ, көмір, дизель отыны, жылу мазуты, электр энергиясы) және су (өзендер/көлдер немесе жер асты сулары, қоғамдық желілер) көздері қандай және мониторинг, тұтынуды азайту және пайдалану тиімділігін арттыру үшін қандай бастамалар/жоспарлар/бағдарламалар (бар болса) енгізілді (суды қайта өңдеу/суды қайта пайдалану бойынша бастамалар/мақсаттар)?</p> <p>[жауап]</p>
Қалдықтарды басқару	<p>1.27. Шығарылатын қалдықтардың негізгі ағындары туралы және оларды қалай басқаруға/жоюға болатындығы туралы, соның ішінде қалдықтарды азайту немесе қайта пайдалану үшін жүзеге асырылған қалдықтарды басқарудың кез келген нақты бастамалары туралы толық ақпарат беріңіз. Жауабыңызда тоннажды көрсетіңіз (егер бар болса) және деректерді жинау әдісін растаңыз.</p> <p>[жауап]</p>
Химиялық/қауіпті заттарды пайдалану және жеткізу тізбегі	<p>1.28. Сақтау және өңдеу тетіктерін (бөшкелер, резервуарлар, жер үсті/жер асты қоймалары және т.б.) қоса алғанда, объектіде қолданылатын немесе бар кез келген химиялық заттарды/қауіпті заттарды сипаттаңыз. Басшылық, мысалы, реттеуші кезең-кезеңмен қысқарту нәтижесінде оларды жеткізудегі кез келген ықтимал іркілістер туралы біле ме? Көлемі 200 литрден асатын төгілулер/ағып кетулер болды ма?</p> <p>[жауап]</p> <p>1.29. Компания өндіріс процесінде экологиялық таза және қауіпсіз шикізатты/химиялық заттарды қолдануды қарастыра ма? Бұл қалай шешіледі? Толық ақпарат беріңіз. Жауабыңызда осы мәселе бойынша өнім берушілермен өзара әрекеттесу бөлігінде жасаған кез келген жұмысыңыз туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Топырақ пен жер асты суларының ластануы	<p>1.30. Компания объектіде(-лерде) топырақтың/жер асты суларының ластануына қатысты бұрынғы немесе ағымдағы проблемалар туралы біле ме және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу әрі жергілікті реттеуші органға хабарлау қажеттілігі бар ма? Жауабыңызда ластану түрі және онымен байланысты тазалау шығындары, соның ішінде кез келген жою жоспарларының күйі туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.</p> <p>[жауап]</p>

	<p>1.31. Пластикті тұтынуды азайту немесе/және пластикті қайта өңдеуді арттыру мақсатында іске асырылған/іске асырылатын бағдарламалар/жобалар/бастамалар туралы толық ақпарат беріңіз. Жауабыңызда тиісті сандық деректерді көрсетіңіз (егер бар болса).</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.32. Компанияның жаңа активтерді сатып алу кезінде жердің ластану қаупін қалай бағалайтынын түсіндіріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Биоалуантүрлілік	<p>1.33. Компания биоалуантүрлілікті қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған қандай да бір бағдарламаларды/жобаларды/бастамаларды жүзеге асырды ма? Олай жүзеге асырса, осы бастамалар, соның ішінде олардың нәтижелері (бар болса) туралы толық ақпарат беріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.34. Компания биоалуантүрлілік тұрғысынан құндылығы жоғары аумақтарда қандай да бір іскерлік қызметті жүргізе ме? Жүргізсе, тиісті экологиялық бағалау жүргізілді ме? Бұл бағалаулардың нәтижелері қандай? Компания өзінің іскерлік қызметі биоалуантүрлілік тұрғысынан құндылығы жоғары аумаққа теріс әсер етпеуін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданады?</p> <p>[жауап]</p>
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР	
Денсаулық сақтау және қауіпсіздік саясаты	<p>1.35. Компанияның денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласында бекітілген саясаты бар ма?</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.36. Компания денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер тізілімін жүргізе ме және тізілім тұрақты негізде қайта қарала ма? Егер жауап «Иә» болса, оның қаншалықты жиі қайта қаралатынын және кім қарайтынын көрсетіңіз.</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.37. Компания денсаулық пен қауіпсіздік саясатын жүзеге асыру үшін нақты ұйымдастырушылық міндеттер мен басқару тетіктерін белгілейтін денсаулық пен қауіпсіздікті басқарудың ресми жүйесін енгізді ме? Менеджмент жүйесін үшінші тарап сертификаттаған ба? Менеджмент жүйесінің негізгі элементтеріне жалпы шолу жасаңыз.</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.38. Компанияда жұмыс орнында тәуекелдерді (жазатайым оқиғаларды) бағалауды жүргізу, қызметкерлермен байланыс пен оқытуды қамтамасыз ету, аудит жүргізу үшін ресми</p>

	<p>процестер бар ма? Тәуекелдерді бағалау деректері қаншалықты жиі қайта қаралады/жаңартылады?</p> <p>[жауап]</p>
Жазатайым оқиғалар/инциденттер	<p>1.39. Компания инциденттерді/жазатайым оқиғаларды қадағалай ма? Егер қадағаласа, апаталды жағдайлардың санын, жоғалған жұмыс күндерінің санын, оқиғалардың жиілігін және т.б. қоса алғанда, соңғы үш жылдағы тиісінше бөліп көрсетумен статистикалық деректерді беріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Орындауға келтіру	<p>1.40. Соңғы үш жылда денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы тиісті заңнаманы бұзғаны үшін компанияға қатысты реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шаралары қолданылды ма? Олай қолданылса, оқиғаның сипаты, мәжбүрлеу шаралары, айыппұлдар, жою шаралары және алынған сабақтар туралы толық ақпарат беріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Әлеуметтік шағымдар	<p>1.41. Соңғы үш жылда Сізде қызметкерлерге немесе клиенттер немесе өнім берушілер сияқты негізгі мүдделі тараптарға қатысты елеулі әлеуметтік шағымдар/талап арыздар/құқық қолдану әрекеттері болды ма? Егер болса, толық ақпарат беріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Адам ресурстары	<p>1.42. Барлық қызметкерлердің ресми еңбек шарты бар ма?</p> <p>[жауап]</p> <p>1.43. Қызметкерлер мен мердігерлердің ең төменгі жасы қандай?</p> <p>[жауап]</p> <p>1.44. Компанияның өз қызметкерлері мен мердігерлері үшін шағымдарды қарау тетігі туралы толық ақпарат беріңіз.</p> <p>[жауап]</p> <p>1.45. Компанияның жергілікті ең төменгі жалақы стандарттарын ұстанатындығы туралы дәлелдер келтіріңіз.</p> <p>[жауап]</p> <p>1.46. Компания қосалқы мердігерлерді жалдау тәжірибесіне қандай да бір жолмен қатыса ма? Әділ және этикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылады; ең төменгі стандарттар қолданыла ма?</p> <p>[жауап]</p> <p>1.47. Компания мигрант жұмысшыларды жалдай ма? Олай жалдаса, адам құқықтары саласындағы ең төменгі стандарттарды орындау үшін қолданылатын процестерді егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Сіздің жауабыңызда Сіздің компанияңыз мигрант жұмысшыларға қатысты байланысты кез келген қауымдастықтар/ҮЕҰ</p>

	туралы (мысалы, мигранттардың құқықтарын қорғау желісі (Ұлыбритания)) егжей-тегжейлі айтып беріңіз.
	[жауап]
Кемсітушілікке қарсы саясат	1.48. Сізде кемсітушілікке қарсы күресті қолдайтын саясат енгізілді/бекітілді ме? Олай жауап «Иә» болса, Сіздің негізгі міндеттемелеріңіз/бақылау шараларыңыз туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
Теңдік және әртүрлілік саясаты	1.49. Компания теңдік және әртүрлілік саясатын енгізді/бекітті ме? Олай жауап «Иә» болса, Сіздің негізгі міндеттемелеріңіз/бақылау шараларыңыз туралы толық ақпарат беріңіз. Саясат мүмкіндігі шектеулі жандар үшін гендерлік теңдік пен инклюзивтілік мәселелерін қамти ма?
	[жауап]
Деректердің құпиялылығы және қауіпсіздігі	1.50. Компанияның деректер қауіпсіздігі саясаты туралы толық ақпарат беріңіз. Соңғы үш жылда киберқауіпсіздік саласында қандай да бір бұзушылықтар болды ма?
	[жауап]
Сертификаттау/стандарттар	1.51. Компания АТ қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізді ме? Ол ISO 27001 халықаралық ақпараттық қауіпсіздік стандартына сәйкес сертифициталған ба?
	[жауап]
Жауапты сатып алу саясаты	1.52. Компанияда өнім берушілер үшін жауапты сатып алу саясаты/Іскерлік әдіп кодексі бар ма? Егер бар болса, осы саясат/кодекстің қалай қолданылатыны/бақыланатыны туралы тиісті толық ақпарат пен мәліметтерді беріңіз.
	[жауап]
Жеткізу тізбегі бойынша тәуекелдерді басқару	1.53. Компания сатып алу, жеткізу тізбегін басқару және логистика департаменттерін тарта отырып, жеткізу тізбегіндегі тәуекелдерді бағалауды жүргізе ме? Қосымша мәліметтер мен іске асырылған тәуекелдерді бағалау/стратегия мысалдарын ұсыныңыз. Анықталған және шешілген негізгі проблемалардан мысалдар келтіріңіз.
	[жауап]
БАСҚАРУ	
Корпоративтік басқару	1.54. Корпоративтік басқару компанияда және оның қызметінде қалай жүзеге асырылады? Кез келген тиісті негізгі саясат туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
Директорлар кеңесінің/өзге уәкілетті органның құрылымы мен рөлі	1.55. Директорлар кеңесінің/өзге уәкілетті органның құрамы қалай айқындалады? Толық ақпарат беріңіз.

	[жауап]
	1.56. Директорлар кеңесінің/өзге уәкілетті органның мүшелерін тағайындау кезінде тұлғалық әртүрлілік (жынысы/ұлты және т.б.) қалай ескеріледі?
	[жауап]
	1.57. Директорлар кеңесінің/өзге де уәкілетті органның құрамы бойынша акционерлермен консультациялар өткізіле ме? Егер өткізілсе, қандай тәсілмен?
	[жауап]
	1.58. Директорлар кеңесінің/өзге де уәкілетті органның мүшесіне ESG/тұраты даму/компания ішіндегі КӘЖ мәселелері үшін жауапкершілік жүктеле ме? Егер жүктелсе, жауапты адамды және кез келген тиісті оқыту туралы мәліметтерді көрсетіңіз.
	[жауап]
	1.59. Директорлар кеңесінің/өзге уәкілетті органның қанша мүшесі атқарушы директорлар және атқарушы емес директорлар болып табылады? Әр адамның аты-жөнін/лауазымын көрсетіңіз.
	[жауап]
	1.60. Директорлар кеңесі/өзге де уәкілетті орган көтерген мәселелер басшылықтың назарына қалай жеткізіледі?
	[жауап]
	1.61. Директорлар кеңесі/өзге де уәкілетті орган құрамына қанша әйел кіреді (оның ішінде %-дық арақатынаста)?
	[жауап]
	1.62. ESG Директорлар кеңесі/басқа уәкілетті орган деңгейінде талқылана ма? Егер талқыланса, бұл қаншалықты жиі болады және ол белгіленген күн тәртібіне немесе техникалық ерекшелікке сәйкес келе ме? Үнемі талқыланатын негізгі мәселелер туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
	1.63. Сыйақы комитеті құрылды ма? Бұл комитет Директорлар кеңесімен/өзге де уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасай ма?
	[жауап]
	1.64. Тәуекелдер, аудит, ESG/тұрақты даму/КӘЖ комитеттері сияқты тағы қандай комитеттер құрылды? Тағайындаған тұлға оларға қолдау көрсете ме? Толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
Акционерлер	1.65. Меншік құрылымының шоғырлану дәрежесі қандай (яғни ірі акционерлердің үлесі)?
	[жауап]

	<p>1.66. Компания миноритарлық акционерлердің пікірлерін есепке алуды қалай қамтамасыз етеді? Компания акционерлер арасындағы дауларды қалай шешеді?</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.67. Компанияда акционерлер жиналысын өткізу бойынша қандай да бір қағидалар немесе рәсімдер бар ма? Егер бар болса, осы қағидалар мен рәсімдер барлық акционерлердің алдағы жиналыс туралы хабарламаны және барлық қажетті материалдарды уақтылы алуын қалай қамтамасыз етеді?</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.68. Компанияның нақты анықталған дивидендтік саясаты бар ма? Бар болса, дивидендтерді төлеу рәсімдері мен саясаты ашық әрі түсінікті ме?</p> <p>[жауап]</p>
	<p>1.69. Компанияда корпоративтік хатшы бар ма?</p> <p>[жауап]</p>
Ұзақ мерзімді стратегия	<p>1.70. Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясы бар ма? Егер бар болса, компания ESG факторлары мен ESG тәуекелдерін өзінің ұзақ мерзімді стратегиясына енгізді ме?</p> <p>[жауап]</p>
Сыбайлас жемқорлықты/алаяқтықты анықтау	<p>1.71. Қазіргі уақытта компания заңсыз практикаға жол бермеу/қорғау үшін қандай шаралар қабылдауда? Ұйымның бұрын заңсыз практикаға қатысты проблемалары (мысалы, сыбайлас жемқорлық/алаяқтық) болды ма? Бұл қалай анықталды және жойылды?</p> <p>[жауап]</p>
Бұзушылықтар/орындауға келтіру	<p>1.72. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, жосықсыз еңбек практикасы жағдайлары, адам құқықтарының бұзылуы және басқа да қызметтік жағдайды теріс пайдалану сияқты мәселелерге қатысты корпоративтік басқарумен және/немесе этикамен байланысты қызметкерлерге қатысты кез келген шағымдар/бұзушылықтар/құқық қолдану/сот әрекеттері туралы толық ақпарат беріңіз. Кез келген қудалау (айыппұлдар, түрмеге қамау) және оқиғадан кейінгі түзету шаралары туралы толық ақпарат беріңіз.</p> <p>[жауап]</p>
Корпоративтік ақпаратты ашу	<p>1.73. Компанияда қаржылық емес ақпаратты корпоративтік ашуды реттейтін саясат пен рәсімдер енгізілді ме? Егер енгізілсе, олар алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге сәйкес әзірленген бе? Корпоративтік ақпаратты ашу жан-жақты, уақтылы және жалпыға қолжетімді ме?</p> <p>[жауап]</p>

2-БӨЛІМ	
ESG/ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ	
ESG саясаты	2.1. Компанияда ESG негізгі тәуекелдері мен мүмкіндіктерін басқару бойынша Сіздің көзқарасыңыз бен міндеттемелеріңізді егжей-тегжейлі сипаттайтын жеке ESG саясаты бар ма (яғни, қоршаған ортаны қорғау саясатына немесе қауіпсіздік саясатына қосымша)? Толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
	2.2. Саясатқа енгізілген негізгі міндеттемелерді сипаттаңыз (мысалы, нормативтік актілерді сақтау, үнемі жетілдіру, оқыту, мониторинг және т.б.).
[жауап]	
Жақсарту бағдарламасы	2.3. Компания ESG шеңберінде жақсарту бағдарламасын әзірледі ме? Ол қалай жүзеге асырылады?
	[жауап]
Маңыздылығын бағалау	2.4. Компания Сіздің бизнесіңізге қатысты, демек, Сіздің саясатыңыздың негізі болып табылатын негізгі ESG тақырыптарын анықтау үшін пайдаланатын процесті егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Бұл процеске қандай мүдделі тараптар тартылған?
	[жауап]
ESG тәуекелдер тізілімі	2.5. Компания ESG тәуекелдерінің жеке тізілімін жүргізе ме? Егер жүргізсе, негізгі тәуекелдер мен бақылау шаралары туралы толық ақпарат беріңіз.
	[жауап]
	2.6. Нақты қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) қолданыла ма, егер қолданылса, олар туралы толық ақпарат беріңіз (мысалы, көміртегі шығарындылары, қауіпсіздік статистикасы және т.б.)?
[жауап]	
Стандарттар, сертификаттар және қауымдастықтарға мүшелік	2.7. ESG-ге қатысты кез келген қосымша қолданылатын стандарттар және Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздік бойынша IFC басқарушы қағидаттарын; Халықаралық еңбек стандарттарын; G4 тұрақты және кәсіби есептіктің басқарушы қағидаттарын қолдану сияқты жүргізілген сертификаттау және/немесе мүшелік туралы толық ақпаратты ұсыныңыз.
	[жауап]
ESG аудиті және шолуы	2.8. ESG процестері мен жүйелері компания ішінде немесе одан тыс жерлерде үнемі қайта қарала ма/тексеріле ме және нәтижелер Директорлар кеңесінің/басқа уәкілетті органның назарына жеткізіле ме? Егер жауап «Иә» болса, осы аудиттердің түрлері/жиілігі, олардың кім

	жүргізілетіні және соңғы аудитте анықталған негізгі проблемалар туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Бедел тәуекелін бағалау	2.9. Компания бұқаралық ақпарат құралдарының, мүдделі тараптардың және басқа да сыртқы қоғамдық көздердің ESG тәуекелдерін бағалауды жүргізді ме? [жауап]
Қоршаған орта	
Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау	2.10. Компанияның экологиялық тәуекелдері мен мүмкіндіктерін бағалау аяқталды ма? Аяқталса, негізгі тәуекелдер/мүмкіндіктер, бақылау шаралары және жақсартулар туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Экологиялық рұқсаттар	2.11. Сіздің компанияңыз орындауға міндетті негізгі экологиялық рұқсаттар/лицензиялар/келісімдер тізімін беріңіз және сәйкестікті растау үшін қандай деректер жиналатыны туралы шолу жасаңыз. [жауап]
Көмірқышқыл газы және басқа парниктік газдар шығарындылары	2.12. Компания өзінің көміртегі ізін/парниктік газдар шығарындыларын негізгі бағалауды жүргізді ме және компания оларды азайту үшін қандай да бір шаралар қабылдады ма? Егер жауап «Иә» болса, шығарындылар және кез келген іске асырылған мақсаттар/бастамалар туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Ұйымдық құрылымдар/ресурстар	2.13. Сіздің компанияңыз экологиялық талаптарды (кеңірек айтқанда, тұрақты даму талаптары) және қызметті басқаруда қолдау көрсету үшін үнемі сыртқы мамандарды тарта ма? Бұл мердігерлер қалай таңдалады? [жауап]
Ресурстарды пайдалану тиімділігі/ресурстарды басқару	2.14. Басшылық өз объектілерінде меншікті энергия көздерін алу мүмкіндігін қарастырды ма? Егер қарастырса, энергия көздері (мысалы, күн, жел) және соған байланысты энергияны үнемдеу, көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту және компания шығындарын үнемдеу туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
	2.15. Соңғы үш жыл ішінде аяқталған ресурстарды (мысалы, энергия, қалдықтар) пайдалану тиімділігі аудитінің нәтижелері бойынша негізгі нәтижелер/ұсынымдар туралы толық ақпарат беріңіз. Барлық іске асырылған жақсарту шаралары туралы қысқаша мәлімет беріңіз. [жауап]

<p>Төтенше жағдайларға дайындық және ден қою шаралары</p>	<p>2.16. Мұнай/химиялық заттардың төгілуі, газдың ағуы/жарылыс қауіпті атмосфера және басқа да экологиялық жағымсыз құбылыстар сияқты қоршаған орта мен қауіпсіздікке байланысты кез келген төтенше жағдайларға ден қою үшін қандай шаралар қабылданатыны туралы толық ақпарат беріңіз. Осы іс-шаралар шеңберінде сценарийлерді тестілеу жүргізілетінін және экологиялық тәуекелдерді сақтандыру шарты жасалғанын көрсетіңіз.</p>
<p>Өнімге қызмет көрсету</p>	<p>2.17. Сіздің компанияңыз Сіздің өнімдеріңіздің өмірлік циклі бойына қоршаған ортаға әсері үшін жауапкершілікті өз мойнына ала ма? Мысалы, Сіз қызмет ету мерзімінің соңында өнімге қолжетімді қайта өңдеу опцияларын ескересіз бе? Бұл пікірлер өнімді жобалау кезеңдерінде ескеріле ме? Егер болса, толық ақпарат беріңіз.</p>
<p>Жеткізу тізбегі</p>	<p>2.18. Сіздің компанияңызда жеткізушілерді таңдауға олардың тұрақтылық көрсеткіштері әсер ете ме? Қандай факторлар ескеріледі?</p>
<p>Қаржылық резервтер</p>	<p>2.19. Сіздің компанияңыз ластанған жерлерді/қоршаған ортаны қалпына келтіру талаптары және т.б. сияқты кез келген экологиялық міндеттемелерді жабу үшін шоттардағы қаржылық резервтерді мойындады ма? Толығырақ ақпарат беріңіз.</p>
<p>ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР</p>	
<p>Қауіпсіздік мәдениеті</p>	<p>2.20. Басшылық бүкіл компанияда қауіпсіздік мәдениетіне шолу жасады ма? Бағалау нәтижесінде анықталған негізгі қорытындылар және олармен байланысты жақсарту әрекеттері туралы толық ақпарат беріңіз.</p>
<p>Қазіргі заманғы құлдық/адам құқықтары/балалар еңбегі</p>	<p>2.21. Сіздің компанияңызда адам құқықтарына, еңбек стандарттарына және қазіргі заманғы құлдыққа қатысты бүкіл компания мен оның жеткізу тізбегіндегі тәуекелдерді анықтау, бағалау және жою үшін қандай саясаттар мен процестер бар? Сіз қазіргі заманғы құлдыққа қатысты кез келген жергілікті заңдарды орындайсыз ба (мысалы, 2015 жылғы Ұлыбританиядағы Қазіргі заманғы құлдық туралы заң)?</p>
<p>Сақтандыру, өтемақы саясаты</p>	<p>2.22. Қолданыстағы сақтандыру полистерінің болуын және қызметкерлердің өндірістік жарақаттарына қатысты шағымдардың дәрежесін растаңыз. Шығындарды жабуға арналған резервтер</p>

	және ықтимал қаржылық/құқықтық салдарлар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ашық және ықтимал күтілетін талаптардың жалпы санын растаңыз. [жауап]
Жергілікті қоғамдастыққа инвестициялау және стейкхолдерлерді тарту бағдарламалары	2.23. Сіздің компанияңыз жергілікті қауымдастықтарға инвестициялау және стейкхолдерлерді тарту бойынша қандай да бір іс-шараларға қатыса ма (егер бар болса, ҮЕҰ секторымен өзара әрекеттесуді қоса алғанда)? Олай қатысса, тартылған ҮЕҰ, қызмет түрі, жұмсалған уақыт/ресурстар саны, қатысу деңгейі және т.б. туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздер бостандығы	2.24. Компанияда қызметкерлердің өкілдігінің қандай түрі бар? Барлық қызметкерлер өз көзқарастары мен алаңдаушылықтарымен бөлісе ала ма? [жауап] 2.25. Қызметкерлер кәсіподаққа кіріп, ұжымдық келіссөздерге қатыса ала ма? Кәсіподақтар туралы толық ақпарат беріңіз (егер бар болса). [жауап]
Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) адам ресурстары мен стандарттары	2.26. Ұйым ХЕҰ стандарттарына сәйкес келе ме? Бұл тиісті кадр саясатында және т.б. көрсетілген бе? [жауап]
Жеткізу тізбегі	2.27. Еңбек заңнамасында проблемалары бар елдердегі/өңірлердегі жеткізушілерге қатысты мұндай проблемаларды анықтау саясаты бар ма? Толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі	2.28. Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай қадамдар жасалуда? [жауап]
Қоғамдық өмірге/жергілікті қоғамдастық өміріне қатысу	2.29. Компанияны қоғамдық өмірге (еріктілік, филантропия/қайырымдылық және т.б.) тартуға жәрдемдесу бойынша кез келген қолданыстағы ресми бағдарламаларды сипаттаңыз. Бұл жобаларға қанша қаражат жұмсалды? [жауап]
БАСҚАРУ	
Іскерлік әдеп	2.30. Компания әдеп кодексі бар ма? Толық ақпаратты және оның компания қызметкерлеріне қалай жеткізілетінін растауды ұсыныңыз. [жауап]

Басшылардың сыйақысы	2.31. Сыйақы өнімділік пен жалақының арақатынасын ескере отырып, компания ішіндегі жеке басшылар арасында қалай бөлінеді? [жауап]
Іскерлік әдеп кодексі	2.32. Компанияның корпоративтік іскерлік әдеп кодексі туралы толық ақпарат беріңіз. Кодекс компания ішіндегі қызметкерлердің назарына қалай жеткізіледі? [жауап]
Сыйлыққа қатысты саясат	2.33. Компанияның сыйлық/корпоративтік ойын-сауық саясаты туралы толық ақпарат беріңіз. Бұл қалай реттеледі? Қандай да бір бұзушылықтар тіркелді ме? Толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Аудит жөніндегі комитет	2.34. Компанияда аудит жөніндегі комитет бар ма? Оның құрамы, техникалық сипаттамасы және саясаты туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
Бұзушылық фактілері туралы хабарлау саясаты	2.35. Компанияда бұзушылық фактілері туралы хабарлау саясаты бар ма? Тиісті қызмет дербес басқарыла ма және ол анонимді ме? Бұл қызмет кез келген уақытта қолжетімді ме? [жауап] 2.36. Бұзушылық фактілері туралы хабарлама бойынша қызмет жұмысының нәтижесінде туындайтын шағымдар бойынша шешім шығаруға кім жауапты? Осы оқиғалар туралы ақпарат Директорлар кеңесінің/өзге уәкілетті органның назарына жеткізіле ме? [жауап]
Парақорлыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2.37. Компанияның парақорлыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы толық ақпарат беріңіз. Бүгінгі күнге дейін қанша қызметкер тиісті дайындықтан өтті? [жауап] 2.38. Компания жаңа жеткізушілерге, мердігерлерге және т.б. қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тексеру жүргізе ме? Осы процесс туралы және оның қалай жүзеге асырылатыны туралы толық ақпарат беріңіз. [жауап]
<p><i>Қол қою арқылы мен осы құжатта берілген ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын растаймын.</i></p> <p>_____</p> <p>Бірінші басшының (немесе өзге уәкілетті тұлғаның) қолы</p> <p>_____</p> <p>Қол қойылған күні мен орны</p>	

Сауалнама негізінде ESG дью-дилідженс нәтижелерін бағалау әдістемесі

ESG сауалнамасында өтінім берушінің әрбір жауабын бағалау төменде көрсетілген кестеге сәйкес 0-ден 3 балға дейінгі балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Қорытынды балл ұпайлардың орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі. Балды есептеу кезінде өтінім берушіге қатысты өлшемшарттар ғана ескеріледі. Өлшемшарттардың релеванттығы өтінім берушінің қызметінің ерекшелігін талдау барысында айқындалады, әрбір өлшемшарттың өзектілігі негізделеді.

Сипаттамалық жауаптарды білдіретін сұрақтарға, мысалы, «Жоба паспорты» және «Жалпы сұрақтар» бөлімдерінде берілген сұрақтарға балл қолданылмайды.

Қорытынды балл «ABC» жіктеліміне сәйкес жобаны жіктеу нәтижелерімен қатар жобаның ESG тәуекел деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

Балл мәні	Сипаттамасы
0	<p>а) Өтінім беруші сұраққа жауап бермеді немесе теріс жауаптың себептерін, яғни тиісті шаралардың, тетіктердің, ақпараттың, саясаттың және т.б. болмау себептерін егжей-тегжейлі түсіндірмей, теріс жауап берді.</p> <p>б) Өтінім беруші осы бұзушылықтардың себептерін және осы бұзушылықтарды жою және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын түсіндірмей, тиісті заңнаманы немесе стандарттарды бұзуға қатысты сұрақтарға оң жауап берді.</p>
1	<p>а) Өтінім беруші теріс жауап берді, бірақ тиісті шаралардың, тетіктердің, ақпараттың, саясаттың және т.б. болмау себепін, сондай-ақ тиісті шараларды, саясаттарды әзірлеу, тиісті іс-шараларды (мысалы, тренингтерді) өткізу жоспарларын және т.б. сипаттады.</p> <p>б) Өтінім беруші тиісті заңнаманы немесе стандарттарды бұзуға қатысты сұрақтарға оң жауап берді, бірақ осы бұзушылықтардың себептерін сипаттады, сондай-ақ осы бұзушылықтарды жою және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын ұсынды.</p>
2	<p>а) Өтінім беруші тиісті шараларды, тетіктерді, ақпаратты, саясатты және т.б. оң және қысқаша сипаттады, алайда Қоғамның инвестициялық менеджерінің пікірінше, берілген жауап толық емес және қосымша ақпаратты немесе сандық деректерді қажет етеді.</p> <p>б) Өтінім беруші тиісті заңнаманы немесе стандарттарды бұзуға қатысты сұрақтарға теріс жауап берді, бірақ берілген жауапты растайтын толық емес ақпарат берді.</p>
3	<p>а) Өтінім беруші оң жауап берді және тиісті шараларды, тетіктерді, ақпаратты, саясатты және т.б. егжей-тегжейлі сипаттады, сондай-ақ өз жауабын тиісті растайтын құжаттармен, сандық деректермен және басқаша растады. Бұған қоса, өтінім берушінің жауабы өтінім берушінің ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін нақты жоспарларын көрсетеді (мысалы, халықаралық нұсқаулықтарға, стандарттарға және т.б. сілтемелер енгізілген).</p> <p>б) Өтінім беруші тиісті заңнаманы немесе стандарттарды бұзуға қатысты сұрақтарға теріс жауап берді, сондай-ақ тиісті бұзушылықтардың алдын алу шаралары және өтінім берушінің үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келу жоспарлары туралы толық ақпарат берді (мысалы, халықаралық нұсқаулықтарға, стандарттарға және т.б. сілтемелер енгізілген).</p>